

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің ұсынған қорытындысына сәйкес бұзушылықтарды жою жөніндегі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №113 Қаракөл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытынды

Е С Е Б І

1. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта мен жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі бойынша қорытынды есеппен сипаттама беру:

2024-2025 оқу жылында негізгі орта білім беруді "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 16-қосымшасын басшылыққа ала отырып жасалған. 16-қосымшаға сәйкес білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациясы қарастырылған. Жеке сыныптар бойынша 7-сыныпта қазақстан тарихы және география комбинациясымен «Тарихи тұлғалар», «Қармақшы ауданының географиясы» факультативті курстары жүргізілген. 8-сыныпта қазақ тілі мен орыс тілі комбинациясымен «Қазақ жырының Қадыры», «Мир русский словесности» факультативті курстары жүргізілген, 9-сыныпта биология және география комбинациясымен «Экологиялық этика», «Қазақстан экономикасы» факультативті курстары жүргізілген.

2025-2026 оқу жылында негізгі орта білім беруді "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 16-қосымшасын басшылыққа ала отырып жасалған. 16-қосымшаға сәйкес білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациясы қарастырылған. Жеке сыныптар бойынша 7-сыныпта қазақ тілі мен орыс тілі комбинациясымен «Қызықты грамматика», «Занимательный русский язык» факультативті курстары жүргізілген. 8-сыныпта қазақстан тарихы және география комбинациясымен «Тарихи шежіре», «Туризм және туризм аймақтары» факультативті курстары жүргізілген. 9-сыныпта биология және география комбинациясымен «Дұрыс тамақтану және тағамдық сауаттылық», «Жер қабықтары» факультативті курстары жүргізілген.

2. «Өзін-өзі басқару ұйымының» – 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат ұсынылғанымен жылдық жұмыс жоспары жүктелмеген. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына арналған Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы туралы толық ақпарат ұсынылмаған. Сонымен қатар патриоттық тәрбие беру, кез келген адамның құқығын, бостандығын және міндетін құрметтеу, жемқорлықты қабылдамау, шығармашылық қарым қатынасты қалыптастыруда «Адал ұрпақ» еріктілер ұйымының жұмысы туралы ақпарат анықталмады. Білім беру мекемесінде 2025-2026 оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырылғаны туралы ақпарат ұсынылмаған. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын

іске асыру бойынша атқарылған шаралар толық ұсынылмаған. Әдістемелік ұсынымдарға 13-1 қосымшасына сәйкес білім беру ұйымында тәрбие жұмысын ұйымдастыру және қосымша білім беру мәліметі бойынша қорытынды есеппен сипаттама беру.

Аталған кемшіліктер бойынша тиісті жұмыстар атқарылып, мектептің <http://karm-113mектеп.edu.kz/> сайтына жұмыс жоспарлары қайта аттестаттау материалдары бойынша ұсынылды.

3. Таңдалмаған тереңдетілген деңгейден 2 пән 3 сағаттан, стандартты деңгейден 2 пәнге 1 сағаттан бөліп оқыту берілген. Әдістемелік ұсынымның 6-қосымшасына сәйкес білім алушылардың жеке мүдделерімен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі) бойынша қорытынды есеппен сипаттама беру.

2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында 10-11 сыныптарда "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 22-қосымшасын басшылыққа ала отырып жасалған. 10-11 сыныптарда таңдау бойынша пәндерге «физика», «биология» таңдалған. Таңдап алған пәндер бөлінбеген. Басқа «химия», «география» пәндерін бөліп оқыту жүргізілген. Стандартты деңгейден «дүние жүзі тарихы», «құқық негіздері» пәндері таңдалған, алайда «графика және жобалау», «кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндерін бөліп оқыту жүргізілген. Аталған кемшіліктер бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Каденоваға тиісті шарасы берілді және 10-11 сыныптардағы бөліп оқыту пәндері тоқтатылып, оқу жұмыс жоспары қайта жасалып, мектеп сайтына жүктелді.

4. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру бойынша ақпараттар толықтырылып құжаттары мектеп сайтында бағаланатын кезеңге білім алушылардың дәрігерлік консультациялық комиссияның (ВКК) қорытындысы, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) қорытындысы, жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері және мектеп директорының бұйрығы қоса ұсынылды.

5. 2024-2025 оқу жылында және 2025-2026 оқу жылында «Өмір қауіпсіздік негіздері» және «Жолда жүру ережелері» міндетті курстары бойынша 1, 2- сыныптар дүниетану пәніне тақырыптарды кіріктіріп меңгерткенмен 3-4- сыныпта дүниетану пәні, 6-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» пәні, 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу курсының аясында кіріктірілгені көрсетілмеген. 3-сыныпта дүниетану пәнін жүргізген А.Бекмаханова, 4-сыныпта дүниетану пәнін жүргізген Г.Әбдіғали, 6-9 сыныптарда дене шынықтыру пәнін жүргізген Ж.Нурмағанбетов және Қ.Досбаев, 10-11 сыныптарда АӘТД пәнін жүргізген Б.Лаубаевтарға жіберген кемшіліктері ескеріле отырып тиісті «ескерту» шарасы берілді.

6. 2024-2025 оқу жылының 3,4,5,7- сыныптарда, 2025-2026 оқу жылы бойынша 1,2,3,4-сыныптарда тәрбие сағатына кіріктірген қауіпсіз сабақтар көрсетілмеген, аталған сыныптар бойынша сыныптың тәрбие жоспарында қауіпсіз сабақтар жоспарланып өтілген, дегенмен, сынып журналында тақырыптар көрсетілмеген. Кеткен кемшіліктер бойынша сынып жетекшілері А.Бекмаханова, Г.Әбдіғали, Ж.Изимова, Қ.Құлмаханова, Л.Туматова, Л.Базарбаеваларға тиісті шарасы беріліп, ескертілді.

7. Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей растаған құжаттары толық ұсынылмаған, растайтын құжаттары ұсынылмаған мұғалімдер: математика пәні мұғалімі Ә.Аяпова, ағылшын тілі пәні Ж.Әубәкір, информатика пәні мұғалімі Н.Сейтқасымов, физика пәні мұғалімі Е.Үсембаева.

